

М. Алпысбаева<sup>1,а</sup>, Б.А. Тансыкбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан,  
<sup>а</sup>tansykbayeva\_bakhyt@mail.ru

## ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРҒЫС МӘНДІ СӨЗДЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ

**Андатпа.** Мақалада қарғыс сөздердің түрлері мен мысалдары келтіріліп, қазақ тіліндегі қолданысына тоқталған. Мақала қарғыс сөздердің теріс мәні ашылған. Мақал-мәтелдер арқылы қарғыс сөздерді қолданбауға, теріс бата алмауға тырысу керек екені дәлелденген.

**Аннотация.** В статье приведены слова-проклятья и их примеры, употребляемые в казахском языке. Статья рассматривает негативное значение проклятий. При помощи пословиц и поговорок осуждаются случаи употребления проклятий и призывается недопустимость их применения.

**Abstract:** The proposed article deals with words damnations and their examples used in Kazakh. The article considers negative value of damnations. By means of proverbs the cases of the use of damnations are condemned and inadmissibility of their application is called.

**Түйінді сөздер:** қарғыс, теріс мәні, мақалдар, сынау, жарамсыз, жаман әсер, тәрбиелеу, тіл, ауыз әдебиеті, халық.

**Ключевые слова:** проклятие, негативное значение, пословицы, осуждать, не допустимость, негативный эффект, плохое значение, воспитывать, язык, устная литература, народ.

**Keywords:** damnation, negative value, proverb, to condemn, inadmissibility, negative effect, bad meaning, to bring up, language, oral literature, folk

«Бал тамған тілден у тамар» расында қазақ «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» деп әдемі-ақ айтқан. Міне, тілдің небір күрделі де қиын сипаттарын қысқа ғана маржан сөзбен дәлелдей салыпты. Бұған иланбасқа болмас.

Қазақтың ана тілі дәл осындай құдіретімен құнды. Бұлбұлдай сайраған шешендер тілімен судырап төгілген не ғажайыш сөз меруерттеріне шек келтіруге болмайды. Егер анаңыз «Ботам, жасың ұзақ болсын, мерейің өссін! Құлыным, таудай табысты бол! Ақеркем, жаңа шыққан күндей бол, жарқыраған айдай бол!» деп күн мереймен сізді құлай сүйіп, құтты құшағына алып, бал тілімен еркелетсе, күн астында сізден бақытты адам болмас еді. Ал, керісінше, сізге тіл тікенін қадап, «Жетпей желкең қиылғыр! Көктей орылғыр! Кеуденді қара тас бассын! Көзіңе құм құйылсын! Жүзің күйіп, жүзқара бол!» деп нәлет жаудырып, қарғап-сілесе, онда сіз ана құшағынан сытылып шығып, алты қат аспаннан, жеті қат жерден кірерге тесік таба алмай, тіл уынан тірідей өлер едіңіз.

Міне, тілге тиек еткелі отырған “алғыс”, “қарғыс” аталатын осынау егіз ұғымдарымыздың мағыналары бір-біріне мүлдем қарама-қарсы.

Алғыс ақ батасын ақтарып, бал сөзден мерей төксе, қарғыс нәлет жаудырып, у сөзбен өлтіре сабайды. Қазақ тілдің осы сипаттарына қарай отырып, бір жүректің екінші жүрекке ыстық ықыласын арнап, адам рухының мерейін жоғары көтеріп, өмірге жігерлендіре, болашаққа үміттендіре айтылатын тәтті тілек сөздерді “алғыс” деп атайды да, адам рухына соққы беретін, өмірден түңілдіретін, жағымсыз қылықтарға қарсы айтылған ащы сөздерді “қарғыс” деп атады. Алғыс болсын, мейлі, қарғыс болсын, жай сөзбен емес, шешен тілмен айтуды шарт етке. Алғыс та, қарғыс та белгілі адамға, табиғатқа, тіпті, өмірдегі нәрселердің бәріне арнайы айтылады.

Шешендік сөздерді арнайы зерттеген ғалымдардың еңбектерін ақтарсақ “қарғыс сөздер” туралы нақты, толымды ойды кездестіру қиындау. Ғалымдар шешендік сөздерді: шешендік арнау (сәлем, әзіл, бата, елге, жерге, малға айтылатын сын); шешендік толғау

(аманат, ақыл, өсиет-насихат); шешендік дау (ар-намыс, хақ, алашақ-ақы, жер, жесір, мал, құн дауы) деп бөлсе, енді бірде шешендік толғау, шешендік арнау, шешендік дау деп үлкен жақтан топтастырады. Байқағанымыздай біз қозғап отырған алғыс пен қарғыс туралы мәліметтер аз. Оның ішінде «қарғыс сөздер» мәселесі көп зерттеле қоймағанына көз жеткіздік. Халқымыздың сөздік қолданысында кездесетін қарғыс сөздердің халық өміріндегі алатын орнын анықтау. Қарғыс сөздердің жастарға тыйым болып, тәрбиенің бір құралы іспеттес екені даусыз.

Шешендік өнерді тұтастай алып, зертеген қазақ ғалымы Б. Адамбаев бұл турасында былай толғанады: “Шешендік өнер қай жерде, қай елде сөзге бостандық, еркіндік болса, жүйелі сөзге жұртшылық құлақ асса, міне, сол жерде, сол елде ғана дамиды. Керісінше ақыл-ойға, сөзбен тілге қысым жасалған, шек қойылған жерде, елде дамымайды. Бір тәуір жері біздің қазақ елінде, ақындық пен шешендікті қасиетті өнер санап, “өнер алды қызыл тіл” деп орақ ауыз, от тілді адамдарды қолдап-қуаттап отырған. Әуелі кезекті сөзін айта алмаған адамға “ауызға келген түкірік, қайта жұтса мәкүрік”, “сөзге сөзбен жауап қайырмаса, сөздің атасы өледі” деп кімнен болса да тартынбай-тайсалмай сөйлеуді дәріптеп отырған дей келе ерте заманнан келе жатқан халқымыздың қарғыс сөздерінің халық өмірінде алатын орны қарастырып, ауыз әдебиетіндегі ерекшелігіне тоқталған [1].

Сөз басын алғыс сөзден бастасақ, жаңалық пен жақсылыққа “құтты болсын айту”, қаза мен қайғыға “арты қайырлы болсын” деп көңіл айту – қазақтың ежелден келе жатқан әдет-ғұрпы. Жолаушыны келгенде “қош келдіңіз, аман жеттіңіз” деп қарсы алу, кеткенде “жолыңыз болсын, аман жетіңіз” деп, ақжол айтып шығарып салу жаңа салтымызға да жат емес. Ауыз әдебиетінің үлкен бір саласын құрайтын үлгі – бата. Бата беру дәстүрі баға жетпес құндылық ретінде ұлттық дәстүріміздің әлеуметтік негізін құрайды. Бата беру адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі.

Жалпы қазақ халқы батаны үшке бөледі: 1. Ақ бата. 2. Теріс (қарғыс) бата. 3. Серттесу батасы (баталасу) болып бөлінеді [5.3]. Ал, кейбір зерттеу еңбектерінде Ақ бата – шын жүректен шыққан ізгі тілек, ұрпақтан-қрпаққа жалғасып келе жатқан өсиетнама. Ақ батаның негізгі мақсаты – ағайынның бір-біріне деген мейірім-шапағатын, сүйіспеншілігін білдіру, бірін-бірі ынтымақ-ырысқа, береке-бірлікке шақыру, үлкен-кішінің жолын ашу, келешекте жүзеге асырылатын мақсат, мүдделерді белгілеу.

Кейбір еңбектерде жоғарыда айтылған түрлеріне қоса батаның мынадай түрлерін келтіреді: ақ бата, серттесу бата, жол батасы, көші-қон батасы, жаңа ай батасы, соғым батасы, наурыз батасы, жарапазан батасы, жас отау иелеріне арналған бата, өлім шыққан үйге айтылатын бата т.б. Қазақ халқының бата беру дәстүрі - тамыры тереңде жатқан, халық тарихымен тағдырлас, қиын уақыттың небір талқысына да түссе де, елдің тұрмыс салтында тайға таңба басқандай айқын із қалдырған, бүгінгі күнге жетсе де, тынымсыз талғампаз талай ұрпақ үшін тәлім-тәрбие болған тағылымы мол тамаша мұрамыз ретінде қарастырылған.

Біз сол баталардың ішінде теріс бата немесе қарғыс батасы деп аталатын түріне тоқтала кетейік, өйткені қарғыс мәнді сөздердің үлкен бір бөлігін құрайтын осы бата түрі. Қазақ халқы теріс батадан сақтанып, өздерін жаман қылықтардан тыйып отырған. Батаның қазақ қоғамын ерекшелеп, өрнектеп тұратын және қолданыс аясы әлде қайда үлкен әрі дүние екенін аңғартады. Мысалы, «Абай жолында» Құнанбай Абай үшін Ахмет Риза хазіреттен бата сұратуы және Қодар мен келіні Қамқа үшін шешім сұратуы да қазақ елінде кең қолданыста болғандығын аңғартады [2. 67].

Теріс бата – қарғыстың қатты, жазаның өте ауыр түрі. Мұндай батаны әке-шешесі сенімін ақтамай, үлкен ұятқа қалдырып, әулетін, ата-тегін масқаралаған, өздеріне қолы, тілі тиген, дінін, тілін, Отанын сатқан, жауыздық, ауыр қылмыс, кешірілмес күнә жасаған баласына қолдарын теріс жайып тұрып берген. Батаның бұл түрі ел ішінде өте сирек қолданылады. Теріс бата ұрпақтан-ұрпаққа қара таңба болып қалып келген. Ата-анасының теріс батасын алғандарды халық жек көрген, оларға сенім артпаған, қонаққа шақырмаған,

қыз беріп, қыз алыспаған, дос болмаған. Теріс батаны қайтару, қайтып алу үшін алқалы жұртты жинап, жаратушыдан теріс батаны өзгерту сұралып, жалбарыну рәсімдері жасалынған. Тірі болса, ата-анасы: «Теріс батамды қайтып алдым», – деп айтқан. Адамдар қаншама ашуланып, қорланып, намыстанса да, теріс бата беруге асықпағаны, теріс бата беруден сақ болғаны, теріс батаға мән бермей, айтып қалудан бойын аулақ ұстағаны абзал. Сол себепті «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» дегенді ұмытпаған жөн. Мысалы, оны әйгілі «Қыз Жібек» жырындағы Төлегенге берілген теріс батадан байқауға болады. Теріс бата беру арқылы Төлегеннің бастар ісі құпталмай, өлімге ұшырағанын білеміз.

Қалыптасқан ұлттық салт-дәстүр арқылы өскелең ұрпақтың бойына ұлттық болмыс, келбет, мәдениет, намыс т.б. ұлттық құндылықтарымызды, замандастарымның бойына қазақтың салт-дәстүріне деген қызығушылықты қалыптастыру, қазақ халқының әдет-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындырып және оның эстетикалық тәрбиемен байланыстыра зерттеу жұмысын жүргізу мақаланың басты мақсатының бірі.

Қазақ салтындағы қарғыс сөзді талдай отырып, халқымыздың бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп сөзбен тоқтау айтып, тыйым салғанына назар аударғымыз келеді. Ол заңды құбылыс деуге де болады, Өйткені тыйым көрмей өскен бала психологиясы біздің ұлттық менталитетімізге жат, бала тәрбиесінде олқылыққа әкелуі мүмкін.

Қарғыс сөздердің адам тағдырында атқаратын қызметтеріне тоқталсақ:

- жамандықтан жирендіреді;
- жазалау құралы ретінде пайдаланылған;
- қылмысты іске жоламауға ұмтылған;

адамгершілікке, тыйымға шақырған [3].

Қарғыс – зәбір жапа-шегіп, адамның жәбірлеушісіне ашынып айтқан, зілді, кейіс сөзі, лағынеті. Қарғыс – парапсихологияда тіршілік иесінің жәбірлеушіге кері әсерлі қуат күші ретінде аталады. Қарғыс сөздердің айтылу себептеріне байланысты да бірнеше топқа жіктеуге болады.

**Өтірік қарғау түрін** алатын болсақ, нағашылы – жиенді, қайын-жеңге, қыз-жігіттер, құрдастар, жора-жолдастар тағы басқа әзіл-қалжыңы жарасқан адамдар арасында да әзілдеп қалжыңдау түрінде кездеседі. Тыңдаушылары еш кек тұтпайтын мұндай қалжың түріндегі немесе өтірік қарғауға «Тұқымың құрғыр! Тұқымың өскір! Жолың болғыр! Басқан ізің артыңда қалғыр! Адыра қалғыр! Құлқының құрысын!» деген сияқты зілсіз сөздер жатады. Өтірік қарғау түріне балаға, малға, дүние-мүлікке қарата айтылған қарғыс түрлері де жақын келеді. Атап айтқанда балаға айтылатын қарғыстар шын ниетімен жамандық тілемей, зілсіз, кексіз, тек кейіс түрінде айтылған реніш сөздерге жатады.

**Ант су ішіп қарғану.** Ант – жеке тұлғаның ең қастерлі сөзбен өзге бір адамды не адамдар қауымын өзінің адал ниетіне сендіру, уәде беру, куәлік етуі. Ел арасында ант – су ішіп қарғану адамдар бір-біріне уәде бергенде, серт еткенде де жиі қолданылады. Ант –су ішу – қазақ халқының дәстүрлі құқықтық мәдениетінде қалыптасқан, билер соты іс қарағанда пайдаланылған рәсім деп саналады. Бұл топтағы сөздерге мынадай сөздер жатады: нан ұрсын, өтірік болса төбемнен жай түссін [4].

**Малға қатысты айтылатын зілсіз қарғыстар.** Күні бойғы жұмыстан шаршап шыққан кезде, не болмаса түрлі себептен көңіл күйі болмаған кезде адамдар малға қарата да қарғыс мәнді сөз айтады. Басқа қарғыстың түрінен малға қарата айтқан қарғыстың өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда ашыну, зілденуден гөрі кею мәнде айтылу басым. Мысалы: сайтан алғыр, қараң батқыр, арам қатқыр т.б. Малға қарата шын мәніндегі жамандық тілеу болмайды [4].

Кейде адамдар жазықсыз жала жабылып, зәбір көрмес үшін өзінің ақтығын, кінәсіз екенін дәлелдеп, ант-су ішіп қорғанады, тыңдаушысының райынан қайтуын сұрайды. Ақ

безер де көк безер болып, ант-су ішудің, таусыла қарғана қорғанудың қарғыс түрінен елеулі айырмашылығы бар. Мұндай қарғану қарғыстың шартты түріне жатады [4].

**Табалау.** Қарғыс мәнді сөз саптауға адам бойынан көрінген кемшілік пен қиындыққа орай кемсітіп айтатын табалаушылық та жатады. Табалаушылық жек көру сезіммен байланысты. Адамның жеке басындағы кісілік қасиетінің жоқтығы, мінез-құлқының ұнамсыз жақтарымен танылуы, өзінің азаматтық борышына немқұрайлы қарап, қарым-қатынас жасаудағы жағымсыз оғаш әрекеттері жек көру сезімін тудырады [4].

Халық ішінде жауыздығымен, қылмысты қиянатты істерімен әшкере болған адамдар жазасын алғанда ашынған жұрт оларды табалайды. Сондай-ақ біреуден зәбір-жапа көріп, өш ала алмағандар да өз қастандары бақытсыздыққа ұшырағанда әдет бойынша отырған орнына құйрығын жерге түйіп оларды табалайтын болған. Сондай таба сөздерді естігендер «таба болды», «табасына қалды», «келеке, мазағына қалды» деп түсінетін. «Достың күлкісуінен, жаудың табасынан сақта» деп тілеу тілеген. Дей тұрсақ та табалаушылықтың өзі әр түрлі. Қызғаншақтық, бақталастық, жек көрініш сияқты жағымсыз мінез-құлықтан туған табалушылық біреудің кемшілігі мен тартқан қиыншылығын көріп, түзелсін деген ниетпен емес, керісінше, оны жасытып, жігерін мұқалту мақсатында жаулық ниетті көздеп айтылады. Өзгенің теріс қылығын көру, адамгершілік пен жанашырлық пиғылмен ұштасқанда ғана табалаушылық ізгілікке бастар достық сынға айналмақ.

**Кею мен кекесін.** Көңіл күй лебіздерінің қынжылуы, аздап ренжіген, налыған, күйінген қалыпты білдірумен, сондай-ақ кекесінмен байланысты айтылатын кезі болады. Зілсіз қарапайым сөзді әзіл-қалжыңға ұстата қолданып, оған қарама-қарсы мағына жүктеп, біреуді мінеп, шенеген пікірін ой желісінен, сөйлеу қалыпынан, дауыс ырғағынан аңғартуды кекесін дейміз.

Кекесін тәсіл қолданудың әсерлігі жағымды сөздермен сөз саптай отырып, жағымсыз мінезбен іс-әрекетті шенеп, мінеп, сықақтап көрсететін тапқырлық пен қарама-қайшы жай-жапсарды тартыстыру арқылы ойды жасырын түрде жеткізе білетін көркемдік шеберлікте. Қатты кейіс кей тұста ашумен ұласады. Бұл ыза, реніш, араздық түрінде көрініс беретін адам мінезі мен көңіл-күйінің жағдайы. «Ашу-дұшпан, ақыл-дос, ақылыңа ақыл қос» деген ұлағатты сөз бар.

**Зеку.** Жекіру, ұру, ақыру да жақтырмағандықты, кейігендікті, ренішті білдіреді. Мүлдем ұнатпай назалануды танылатын зеку жағымсыз қылыққа риза болмаудың түріне қарай қарата айтылатын адамның жынысына, жас ерекшелігіне қарай әр жағдайда әртүрлі деңгейде көрініс табады. Онша дауыс көтермей зілдене тыйым салудан бастап адамның көңіл-күйіне қарай қатты ақыруға дейін баратын зеку мұның нақылы айғағындай [5].

**Лағынет пен назалану.** Теріс бата лағынет түріне жатады. Сөге жамандап лағынет айту мән-мағынасы жағынан қарғыстың бір түріне жатады. Зорлық-зомбылық, әділетсіздік, өктемдік пен озбырлық, қиянат жасалған жерде адамгершілік қасиет жойылады. Жеке басының мүддесін көздеп кісіні кемсітіп зорлық көрсету, қиянат жасау – жеке адамның рухани қажетін қанағаттандыруға кедергі жасайтын жағымсыз әрекет. Қарғысқа мән-мағынасы мен айтылу себептері жағынан жақын лағынет пен балағаттау, зеку, сөгіс пен жерлеу сияқты жағымсыз көңіл-күй лебіздері – негізінен адамдар арасындағы дау-жанжалда, ұрыс-керісте айтылатын сөздер. «Ақ сүтін көкке сауды. Анасы қатты назаланып, алақанын теріс жайып, аналық қарғысын айтып, теріс бата берді» деген сөз жас ұрпақты шошындырады. Қатты күйзеліп, ашу-ыза кернеп назалағанда «қу құдай, сығыр құдай, шұнақ құдай, қыңыр құдай, қасқа құдай» деген сөздер айтылады.

**Балағаттау, ғайбаттау.** Күнделікті тұрмыс-тіршілікте, адамдардың әр-қилы қарым-қатынасында айтылып қалатын қарғыс, кейіс, қарғау, сөздеріне мән-мағына жағынан жақындау келетіні, боқтау мен балағат сөздер. Ғайбаттау – жеке адамның белгілі бір топтың жақсы қасиеттерін көре алмаушылықтан да туындайтын ашу-ыза мен қызғаныш сезімінің жағымсыз көрінісі. Балағаттауға адамның ар-намысы мен қадір-

қасиетін, әдепсіздіктен анайы түрде кемсіту жатады. Адамның ұрпағына сол сөздер қарғыс болып жазылып қалады деп сақтандырған. «Аяғы жаман төрді былғар, аузы жаман елді былғар» деп кесірлі ауыздан естілер кесапатты сөзге тоқтау салып, тілін тыйып ұстауға үндеген [5].

Қорыта айтқанда, қарғыс сөздердің ұрпақ тәрбиесіндегі мәні зор, аталарымыз «аспандай берме, жерден ұзап кетерсің, жерден ұзап кетсең, елден ұзап кетерсің, елден ұзап кетсең, барса келмеске кетерсің», – деп тегін айтпаса керек.

Қазақ халқы жаратылысынан текті, намысқой, жаны таза, тілге шебер ел болғаны ақиқат. Оған өткен тарихымыз, хандарымыз бен батырларымыздың, би-шешендеріміздің қалдырған істері мен әділ де тапқыр, жақсылық пен жамандықтың арасын ақ пен қарадй ашып айтқан асыл сөздері куә. Осы сөздер арқылы қасиетті аталарымыз, ақ жаулықты аналарымыз көрегенділіктің, мәрттіктің, тәлім-тәрбиенің небір жақсы жол-жобасын, жөн-жосығын айқындап кетті. Мұны олар жазу-сызусыз-ақ ұтымды ой, өткір сөз, өтімді тіл арқылы құлаққа құйып, қанға сіңіріп, көңілге толқытып жасай білуі де халқымыздың өзіндік бір ғажап болмысын әрі ерекшелігі екенін еріксіз мойындайсыз.

Түкке тұрмайтын болар болмас нәрсеге, ұсақ-түйекке бола бей-берекет айтылған қарғысты халық ұғымында жақсылыққа жорымайды. Қарғысты қалай болса солай әрі жиі айтатын адам өз өмірінде бақытсыздыққа душар болады деп сенген. Өйткені жауап ретінде бөгде адамдардың өзі «қарғысы қара тасқа», «қара тілегі далаға кетсін», «тіл көзің тасқа», «қызыл тілің қырқылсын», «тіліңе теріскен шықсын», «тіліңе шоқ түссін», «тілің кесілгір», «тілің қырқылғыр» т.б., деп жамандықты жөнді себепсіз қарғыс айтушының өзіне бағыттаған. Жан дүниесі бай, мейірім-шапағаты мен білім-парасаты мол, жоғары мәдениетті жандар қарғыс пен балағат сөз айтпауға тырысқан.

#### ӘДЕБИТТЕР

- [1] Б. Адамбаев. Қазақ энциклопедиясы. Алматы, 2004 ж.
- [2] М.Әуезов. «Абай жолы». Алматы, 1975ж.
- [3] Қазақстан ұлттық энциклопедиясы 1-8том, Алматы, 2006 жыл.
- [4] Көңіл-күйі лебіздерін білдіретін сөз орамдары. \құраст.С.Бизаков – Алматы:ТОО «Самар-Принт», 2007 ж.
- [5]Төлекова С. Қазақ тіліндегі алғыс пен қарғыс мәнді фразеологизмдер Канд.Дис., 1974 ж.